

**6D011300-«Биология» мамандығы бойынша Ажмолдаева Клара  
Байжигитовнаның «Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда  
өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемелік негіздері»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа ғылыми көзесшінің**

**ПІКІРІ**

Қазіргі таңда өзгеріске ұшырап отырған мәдени, технологиялық ортаға жауап ретінде жалпы білім беретін мектептің белсенді жаңаруы білім беру практикасына білім берудегі көптеген регламенттеуші құжаттар, қолжетімді акпараттармен ғана жұмыс істейтін емес, сонымен қатар өзін-өзі дамыттын, өзінің жеке әлеуетін іске асыратын, еркін таңдау жасай алатын "жаңа" түрпатты мұғалімді қажет етіп отыр.

Ажмолдаева Клара Байжигитовнаның орындаған диссертациялық жұмысының өзектілігіне келетін болсақ биологияны оқытудағы білім беру іс-әрекетінің табиғат пен мәдениеттің құндылықтарымен байланысы, студенттердің биологиялық занылыштарды білуіне және оларға жеке мағына беруге жағдай жасау-бұл биология мұғалімінің іс-әрекеті, ол өзінің субъективті ұстанымының белсенділігін окушының субъективті қасиеттерін дамытудың маңызы зор екені анық. Сонымен қатар, докторант білім алушы оку үрдісіндегі басты субъект болғандықтан назардың барлығы оның тұлға ретінде қалыптасып, дамуына аударылады. Осы тұрғыдан алғанда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жалпы білім берудің басым бағыттарын, яғни окушы мен мұғалімнің өзара ынтымақтастыры үлгісін оку үрдісінде қалыптастыру, оның оқыту әдістерінің үйлесімділігі негізінде жүзеге асырылуын анықтап беріп отыр. Бұл басым бағыттар мектепте жаратылыстану пәндері бойынша экологиялық білім беруді жетілдіруге негіз болады.

Докторант диссертациялық зерттеу жұмысында отандық және шетелдік әдіскер, ғалымдардың еңбектеріне терен талдау жүргізіп, орта мектептің биология курсында қолданбалы курс, авторлық бағдарламалардың орнын анықтап, оның өлкелік компоненттерді болашақ биолог мұғалімдеріне биологиялық білім берудегі орнын айқындалап көрсетті. Диссертант зерттеу жұмысында болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемесінің тиімділігі жалпы биоэкологиялық білім мен біліктерді өзектілендіру, пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру, интербелсенді оқыту формаларын колдану, өлкетану материалы мен болашақ мұғлімдердің жеке тәжірибелерін пайдалану, кәсібін біліктерді өмірде және қоршаған табиғи ортадағы білім алушылардың іс-әрекеттерінде қолдану сияқты шарттармен қамтамасыз етілетінін анықтаған.

Сонымен қатар, докторант биологиялық пәндерін оқыту үрдісінде болашақ мұғалімдерді даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың құрылымдық-мазмұндық-үрдістік моделі тұлғалық - іс-әрекеттік әдіс-тәсілдерге негізделген біліктерді және олардың мазмұндық, практикалық және іс-әрекеттік компоненттерін, оларды қалыптастыру деңгейлерін және олардың қалыптасу өлшемдерін анықтап, қалыптастырудың әдістемесін ұсынып оку

урдісіне енгізген.

К.Б. Ажмолдаеваның диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығына тоқталатын болсақ, болашақ биолог мұғалімдерді даярлау максатында «Қазақстан өсімдіктерінің биоэкологиясы» авторлық бағдарламасы, «Биологиялық өлкетану» атты авторлық бағдарлама жасалып, ЖОО-да оқытылатын «Қазақстан биоресурсы» атты элективті пән мазмұнына материалдар енгізіліп, аталған бағдарламаларды жалпы білім беретін мектеп тәжірибелерінде қолдануға болады.

К.Б. Ажмолдаеваның 6D011300 –«Биология» мамандығы бойынша «Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының мазмұны бір-бірімен логикалық байланыста жазылған, зерттеу барысында алынған нәтижелері жаңа, практикалық құндылығы жоғары жұмыс екенін атап өту қажет.

Қорыта келе, орындалған диссертациялық жұмыстың жоғары және орта білім беру мәселелерінің өзекті мәселесін зерттеуге арналғанын нақтылай отырып, диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде орындалғандығын анықтап, докторант К.Б. Ажмолдаеваның диссертациялық жұмысын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/ 8D01513 - Биология) және 8D051 - Биология және сабактас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп пікір беремін.

Ғылыми кеңесші,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті,  
п.ғ.д., профессор

